Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті Түркология және тіл теориясы кафедрасының докторанты Қожахметова Ақтоты Қожахметқызының «8D02303 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «**Көркем мәтіннің коммуникативтік үдерісіндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі**» тақырыбындағы диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазақтың кестелі сөзінің болмысын тану әдебиеттану мен тіл білімінде А.Байтұрсынұлы еңбектерінен басталып, өзіндік дәстүрі мен қағидасы қалыптасқаны белгілі.

Қ.Жұмалиев, Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Х.Нұрмұханов т.б. ғалымдардың лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық зерттеулерінде көркемсөз табиғатына ерекше назар аударылды.

Қазіргі қазақ тіл білімінде өріс алған антропөзектік парадигма суреткердің «көркемдік әлемін» бейнелейтін тілін автордың көркемделген (субъективті) шындығындағы «тілдік бейнесі» деп қарастырады. «Тілдік тұлғаның» (ақынның, жазушының, шешеннің т.б.) осы тілі арқылы оқырманға ықпал етіп, санасында шындығын елестетіп, өзінің әлеміне енгізеді. Соның нәтижесінде туындайтын кестелі сөз жүйесі сөз иесі мен қабылдаушының ішкі тілдік әлемін ашып, байланыстырып, жалғастыратын, рухтандыратын синергетикалық құралға айналдырады.

Бұл – тілдің жасампаздық үдерісінің диссипаттық (шашыраушы, таратушы) қасиетінен бастау алып, жаңа ақпараттық танымның ұлғаюынан туындаған тұрақсыз күйі (хаос), тербеліс (флуктуация) негізінде ішкі қуаттың ішкі жүйеде ұйымдастырылған, реттелген жаңа мағынаның лингвосинергиялық бейнесі, жаңа ғылыми платформа.

Осыған орай, докторант Ақтоты Қожахметованың диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы «Көркем мәтіннің коммуникативтік үдерісіндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі» деген тақырып белгіленген болатын.

Осымен байланысты диссертацияда тілдік тұлғаның көркем санасында туындайтын күрделі жүйесіндегі алуан түрлі, бірақ бір-бірімен іштей тығыз байланысты ақпараттың іштей реттеліп, ұйымдасып отыратын үздіксіз үдерісінің айшықты түрде көрінетін поэтикалық дискурс тілі ашық жүйеде қарастырылады.

Соған сәйкес диссертация құрылымы үш тараудан тұрады.

Бірінші тарауда поэтикалық кеңістіктегі лингвосинергетикалық жүйені зерттеудің алғышарттары антропөзектік парадигма аясында айқындалады.

Екінші тарауда ашық жүйеде және өзін-өзі ұйымдастыру, метафоралану үдерісінің нәтижесін сипаттайтын лингвосинергетикалық маркерлері сипатталады. (М.Мақатаев, М.Жұмабаев, Ж.Нәжімеденов т.б. поэзиясы негізінде).

Үшінші тарауда аттрактор, флуктуация және бифуркация жүйесі негізіндегі поэтикалық мәтіннің синергетикалық моделін жасауға талпыныс жасалады.

Бұл бағыттың болашақта өрісінің кеңейе беретіні сөзсіз. Зерттеу барысында қазақ тіл білімінде әлі толық ғылыми айналымға енбеген лингвосинергетикалық ұғымдар мен категориялар, терминдер жүйесі нақты мәтіндік терминдер жүйесі нақты мәтіндік талдаумен дәйектеліп, түсіндіріліп отырады. Поэтикалық дискурсты жалпы, сөздің жасампаздық қабілетіне қатысты лингвосинергетикалық маркерлерді қолдануы қазақ тілінің ішкі әлеуетін тануда методологиясы үшін жаңалық деп санаймыз.

Қорыта айтқанда, диссертант зерттеу мақсатына қатысты ғылыми-әдістемелік негізді игерген, дәйеккөзі жеткілікті, зерттеу барысында жасаған талдау нәтижелері негізінде өзіндік тұжырымдарын ұсынған.

Сондықтан А.Қожахметованың диссертациясын аяқталған зерттеу жұмысы ретінде талқылауға ұсынуға болады деп санаймын.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, филология ғылымдарының докторы, профессор **Манкеева Ж.А.**

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ «А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ» ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҰЛҒАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
БСН 990240003957

(аты-жөні)
қолын куәландырамын
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
«24» 12 2025 ж.